



# ТАЛАПТЫҒА ЖОЛ БЕР, *өнерліге қол бер*

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің ұйымдастыруымен болашақ талапкерлерге арналған «Ашық есік күні» өткізілді. Оған аталмыш оқу орнының ұстаздары, студенттері, ата-аналар мен бір топ мектеп оқушысы қатысты.**

Колледж директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сейдахан Әлібек өз сөзінде жастарға мамандық таңдаудан қателеспеуге кеңес берді.

– Мамандық таңдау – өте жауапты әрі маңызды іс. Бұл мәселеде әр адам ең алдымен өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек, – деді ол.

«Bilim-orkenietі» Ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы мен Үздік студенттер академиясы ТМД студенттері арасында «ТМД-ның үздік студенті» халықаралық байқауын ұйымдастырған. М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің «Тамақтандыруды ұйымдастыру» және «Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтарының 1-курс студенттері Айсері Көшен мен Әділби Жолдасбай осы байқаудың жеңімпазы атанған. Колледж директоры осы салтанатты іс-шара барысында қос студентке «ТМД-ның үздік студенті» деген арнайы куәлік, төсбелгімен қоса 1-дәрежелі дипломды көпшіліктің алдында табыс етті.

Еліміздің көк туын әлемдік деңгейде желбіретіп жүрген, колледж мақтанышына айналған жастар өте көп. «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 3-курс студенті Аяжан Ергентай – әмбебап жекпе-жектен Азияның екі дүркін чемпионы. 2021 жылы «UNIFIGHT» әмбебап жекпе-жектен өткен әлем чемпионатында классика версиясы бойынша чемпион, ал лайт версиясы бойынша қола жүлдегер болған. Бұдан бөлек спорттың панкратион, спорттық пышақ лақтыру түрлерінен де әлемдік деңгейдегі жарыстардан үздік үштік қатарынан көрінген.

«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 1-курс студенті Аймарал Өскенова таеквондодан Алматы, Шымкент, Астанада өткен республикалық жарыстарда топ жарған. 2022 жылы Байқоңыр қаласында өткен халықаралық жарыстың жеңімпазы атанған. Таеквондодан қара белбеу иегері.

Осы мамандық бойынша 2-курс оқитын Мақсат Өтеген де Киокушинкай каратэден өткен жарыстарда бірнеше рет жеңімпаз болған.

Қайрат Иристаев – бокстан Қазақстанның спорт шеберлігіне үміткер, «Үздік боксшы» аталымының иегері. Шымкент қаласында өткен клубтар аралық турнирде 60 келі салмақ дәрежесінде чемпион атанған.

«Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2-курс студенті Аяжан Тоқтамсысова Киокушинкай каратэден «Шахтер» кубогында екінші орын еншілеген. Түркістан облысының екі дүркін чемпионы.

«Ақпараттық жүйелер» мамандығының 4-курс студенті Қайырхан Кемелхан қазақ күресі, дзюдо, самбодан өткен бірқатар халықаралық жарыстардың жеңімпазы.

«Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының 2-курс студенті Ерасыл Ғалымжанұлы – қазақша күрес, дзюдо, самбодан спорт шеберлігіне үміткер. Азия кубогының қола жүлдегері.

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің волейболшы қыздар командасы да Шымкент қаласындағы арнаулы орта оқу орындары арасында өткен спартакиада-ның екі дүркін жеңімпазы атанып, республикалық жарыстарда бағын сынап жүр.

«Ветеринария» мамандығының 1-курс студенті Сержан Мәдәлі 2022 жылы көкпардан Түркістан облысында өткен облыстық жарыстың жеңімпазы. 2023 жылы Қазақстан чемпионы атанған. Қостанай қаласында өткен республикалық жарыста ең үздік шабуылшы деп танылған. 2022 жылы кір (гир) тасын көтеру спортынан өткен республикалық жарыстың жеңімпазы атанған.

Ал, осы «Ашық есік күнінде» пән оқытушылары Әлия Ахметова мен Айгүл Сәбденова жетекшілік ететін студенттер өз қолдарымен тіккен бұйымдарын жұртшылық назарына ұсынды. Сахнада дефильте көрсетілді.

М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжінің түлегі, WorldSkills, Kazakhstan 2022 республикалық чемпионатында «Ұшқышсыз ұшу аппараттары» бағыты бойынша жеңімпаз атанған Муаххид Абдрахимов бүгінде осы оқу орнында жұмыс істейді. Ол жастарды жақсы оқуға, ізденіспен жұмыс істеуге шақырды. Арнайы пән оқытушысы Зере Омар мамандықтардың қыры мен сырына кеңінен тоқталды.

«Ашық есік күні» мерекесінің соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Азиз Айтбай, Самира Абдурахман, Елдос Бөгенбай, Дастан Үсенов, Нұргүл Қалабекова сынды студенттер шырқаған әндер көпшіліктің көңілінен шықты.

**Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
колледжінің оқытушысы**